


**Софы СМАТАЕВ**

*Қазақстанның Халық жазушысы*

Әуесқойлықтың кейде пайдасы, кейде зияны бар. Хауа анамыз әуестеніп алманы татып алмаса, жұмақтан қуылмас еді.

Ваннадан ақтарылған суға әуестеніп қарамаса, Архимед, «Эврикасын!» айтпас еді.

* * *

Білігі аздың күдігі көбейетіні, күдігі көптің күмілжи беретіні ақиқат, десек те, бүгінгі билік басындағылардың біразы білігі аз болса да, күдігін күреп тастап, ақырып - бақырғанда ешкімге дес бермейді.

* * *

Өз жаныңның ұшқынынан өзге кеудеге от түсіре алсаң - мықтысың.

Ал күншілдігіңнің күлін ғана сепсең - сен Аллаң түгілі адамға да күптісің.

* * *

Жек көрген кейіпкеріңді жеп жіберердей желкелемей, жөнімен жобалап қана, оқырманыңды қалтқысыз сендірердей етіп жеткізе алсаң, сол кейіпкерлеріңнің санасына да толғандырар түрткі салуын да ғажап емес.

* * *

Әрбір әсерлі оқиғаны аңсаған тілектің түйсігіне айналдыра білу - қаламгердің қаламын еріксіз жорғалатар жүректің әрекеті.

* * *

Шынайы шығармаға бас қойып ішіне еніп кете бергеніңде, өзіңді кітап авторымен ақтарыла әңгімелесіп отырғандай таңғажайып сезімге бөленгеніңді ұғасың. Ұғасың да, таңдайыңды тақылдата тамсанумен таусылып бітесің.

* * *

Кейде ақ қағазға құлшынып түсіре бастаған ойың бойыңдағы нәріңді сорып алып, деміңді тұншықтырып тастар құбыжыққа айналып, әл-дәрменіңді азайтып бара жатқанын байқамай қалуың мұң.

* * *

Сенің шығармаңның шырайын өзгертіп, шапанын шешіп тастап, өз шекпенін жапқан боп өзгенің асылын өңін айналдырып пайдаланып жүрген әдеби ұрлықшы - плагиаттың жазған масылын бәрібір түптің түбінде жұртшылықтың сезетініне кәміл сенем. Қап түбінде жатпайтын қылыштай болып сенің асыл дүниеңнің масыл дәлдүріштің аяғын аспаннан келтірері даусыз.

* * *

Халқының қалауын қағазға дұрыс-тап түсіре білген қаламгердің тауаны елінен табылар.

* * *

Өткеннің бәрін өгейсіретіп, өткеліңді сындырып тастасаң, ертеңің-дегілердің де өзіңді өңменнен соғып, өзегіңнен теуіп кетерін ойлағайсың.

Жерұйығыңды аманат етіп, ұрпағы - на табыстап кеткен ата - бабалардың жанкешті тірлігін бүгінгі сендердің кайталай алар қайсарлықтарың табыла қояр ма екен. Жерді тауар ғып сатуға жанталаса кірісіп кеткен билікке бет-пе - бет келуден гөрі, арқаны бишігіне тосуға әбден төселіп алған төңірегімнен меңіреуліктің мешеу иісі сасып жетіп жатқандай - ау...

***(Жалғасы бар)***

Қазақ әдебиеті. - 2025. - 7 наурыз (№9). - 20 б.